

ЖОО-ДАҒЫ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСУЫН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

М.Б. Амирканов^{1,*} , А.М. Кудайбергенова¹ , А.М. Хайрулдаева² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: make_210774@mail.ru, aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz,
aisulu01.01.81@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарындағы шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ынталандыратын психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тетіктер кешенді түрде қарастырылады.

Зерттеу мақсаты – шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттыратын мотивациялық факторларды, педагогикалық қолдау тетіктерін және университеттік ортаның ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін айқындау, сондай-ақ олардың өзара байланысын теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытып, сыни және шығармашылық ойлауын жетілдіретінін, тұлғалық әлеуетін ашуға және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретінін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеушілік белсенділік шетелдік студенттердің мәдениетаралық бейімделуіне, университеттік ортаға әлеуметтік-интеллектуалдық тұрғыдан табысты интеграциялануына оң ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу әдістемесі сапалық және сандық әдістерді ұштастыратын кешенді дизайнға негізделді. Деректерді жинау үшін «Google Forms» платформасында әзірленген құрылымдалған сауалнама, жартылай құрылымдалған сұхбат және жүйелі бақылау әдістері қолданылды. Сауалнама нәтижелері «Microsoft Excel» бағдарламасында пайыздық үлестерді есептеу, салыстырмалы көрсеткіштерді анықтау және диаграммалар арқылы визуализациялау негізінде өңделді. Сапалық деректер мазмұндық талдау әдісімен сарапталды. Бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін салыстыру үшін салыстырмалы-талдау әдістері пайдаланылды.

Эмпирикалық зерттеуге барлығы 118 шетелдік студент қатысты: 59 студент бақылау тобына, 59 студент эксперименттік топқа енгізілді. Зерттеу нәтижелері студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу деңгейі педагогикалық қолдаудың сапасына, мотивациялық ортаның тиімді ұйымдастырылуына және ғылыми жетекшімен өзара әрекеттестіктің нәтижелілігіне тікелей байланысты екенін дәлелдеді. Интервенциялық бағдарлама енгізілген эксперименттік топта зерттеушілік мотивацияның, академиялық сенімділіктің және ғылыми-зерттеу белсенділігінің айтарлықтай артқаны байқалды.

Жүргізілген зерттеу шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру жоғары білім беру жүйесінде білім сапасын арттырудың маңызды факторы екенін айқындады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы университеттер үшін шетелдік студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тиімді тартудың моделін ұсынуымен сипатталады.

Кілт сөздер: шетелдік студент, ғылыми-зерттеу жұмысы, ынталандыру тетіктері, мотивация, жоғары мектеп, бейімделу, зерттеушілік әлеует.

Кіріспе

Жоғары оқу орнына қабылданған шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын қалыптастыру мен ынталандыруға бағытталған жүйелі жұмыс оқу үдерісінің бастапқы кезеңінен бастап ұйымдастырылуы тиіс. Себебі зерттеу іс-әрекетіне дайындық студенттің тұлғалық әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін, ғылыми-танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін кешенді түрде ашатын көпқырлы құрылым болып табылады.

Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тартудың тиімділігі білім беру мазмұнымен тікелей байланысты. Оқу бағдарламасына кәсіби бағытталған тапсырмалар мен ғылыми ізденіс сипатындағы практикалық жағдаяттарға енгізу студенттердің

зерттеушілік белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығы көбіне олардың университеттік ортаға бейімделуінің бастапқы кезеңінде қалыптасады. Бұл кезеңде ғылыми ойлауды дамытуға және зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған кәсіби-педагогикалық қолдаудың маңызы ерекше.

Мақсатты түрде ұйымдастырылған педагогикалық қолдау студенттердің ғылыми қызығушылығының тұрақтануына, зерттеу үдерісіне сенімді қатысуына және болашақ ғылыми жұмысқа бейімделуіне мүмкіндік береді. Мұндай жүйелі ықпал студенттердің зерттеушілік әлеуетін кезең-кезеңімен дамытуға, ғылыми дағдылардың орнықты қалыптасуына және университеттің академиялық ортасына тиімді интеграциялануына алғышарт жасайды. Нәтижесінде студенттердің ғылыми ойлауы дамып, дербес зерттеу жүргізуге дайындығы артады және оқу-танымдық белсенділігі ұзақ мерзімді перспективада тұрақтанады.

Шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына белсенді қатысуы университеттердің халықаралық академиялық беделін арттырудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Бұл үдеріс жоғары оқу орындарының жаһандық ғылыми қауымдастықпен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтіп, көпмәдениетті коммуникация мен халықаралық академиялық ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай тәжірибе білім беру кеңістігінде мәдениеттердің өзара ықпалдасуына негізделген инклюзивті және ашық академиялық ортаның қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына толыққанды қатысуына бірқатар объективті кедергілер әсер етеді. Олардың қатарында тілдік құзыреттіліктің жеткіліксіздігі, әлеуметтік-мәдени бейімделу қиындықтары, мәдени айырмашылықтар және қаржылық шектеулер бар. Осыған байланысты аталған факторларды жүйелі түрде еңсеруге бағытталған тиімді ынталандыру тетіктерін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Мұндай тетіктер студенттердің зерттеушілік белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың академиялық ортаға интеграциялануын қамтамасыз ететін институционалдық және педагогикалық қолдаудың маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Жоғары оқу орнына түскен шетелдік студент тек оқу үдерісіне ғана емес, сонымен қатар ғылыми ортаға да бейімделуі қажет. Бұл кезеңде студент жаңа академиялық талаптарды меңгеріп, топтық және зерттеушілік әрекеттерге қатысу дағдыларын игереді. Алайда олардың бейімделу үдерісі жергілікті студенттермен салыстырғанда күрделірек сипатқа ие, өйткені олар бір мезетте жаңа тілдік, мәдени және академиялық ортаға бейімделуге мәжбүр болады. Демек, шетелдік студенттердің академиялық ортаға табысты бейімделуі олардың оқу жетістігіне және ғылыми-зерттеу белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Жаһандану жағдайында халықаралық академиялық мобильділіктің артуы университеттер алдында жаңа міндеттер қояды. Соның ішінде шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамыту – жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық бағыттарының бірі. Алайда бұл тәжірибе көрсеткендей, шетелдік студенттер ғылыми-зерттеу жұмысына әрдайым белсенді қатыса бермейді. Бұл жағдай тілдік және мәдени тосқауылдармен, ғылыми жетекшілік қолдаудың жеткіліксіздігімен және мотивация деңгейінің төмендігімен түсіндіріледі. Осыған байланысты олардың ғылыми белсенділігін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық ынталандыру тетіктерін жүйелеу өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы студенттің танымдық белсенділігін, дербестігін, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытатын маңызды фактор ретінде қарастырылады. Л.С. Выготский мәдени-тарихи теориясында білімнің әлеуметтік өзара әрекет барысында қалыптасатынын негіздей отырып, зерттеу әрекетін тұлғаның когнитивтік дамуының маңызды тетігі ретінде сипаттайды [1]. Ал Дж. Дьюи (Dewey J.) зерттеу жұмысын тәжірибеге негізделген таным формасы ретінде қарастырса [2], Дж. Брунер (Bruner, J.) оны білімді дербес меңгеруге бағытталған шығармашылық үдеріс ретінде түсіндіреді [3].

Өзіндік детерминация теориясы аясында Р.Райан және Э.Деси (Ryan & Deci) ішкі мотивацияның зерттеу белсенділігін арттырудағы шешуші рөлін дәлелдесе [4], А.Маслоу (Maslow.A) теориясында өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі тұлғаның шығармашылық әлеуетін белсендіретіні көрсетіледі [5]. Бұл теориялар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына тартылуы олардың жеке және кәсіби дамуына тікелей ықпал ететінін айқындайды.

Шетелдік студенттер үшін ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу тек академиялық білімді меңгеру құралы емес, сонымен қатар жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделудің тиімді механизмі болып табылады. Бұл үдеріс олардың тілдік құзыреттілігін, әлеуметтік интеграциясын және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі зерттеулерде шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ынталандыру тетіктері жан-жақты қарастырылуда. Мысалы, Иноуе К, Ли С. және Олдак Ю.И. (Inouye K., Lee S. & Oldac Y.I.) еңбектерінде бұл мәселенің әртүрлі аспектілері талданып, оның күрделі құрылымы көрсетіледі [6]. Синь Сюй, Алис Оанча және Хит Роуздың (Xu X., Oancea A. & Rose H.) зерттеулерінде академиялық ынталандыру тетіктерінің зерттеу мәдениетіне әсері қарастырылады [7].

Сонымен қатар, Линь Ян, Карла М.Фиретто, Эмили Старретт, Джеффри Кингсбери, Тоня А. Пенкрот, Джон-Филипп К.Хайат (Lin Yan, Carla M. Firetto, Emily Starrett, Jeffrey S. Kingsbury, Tonya A. Penkrot, Jon-Philippe K. Hyatt) студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыруға бағытталған педагогикалық тәсілдердің ғылыми тиімділігін негіздесе [8].

Циньян Сунь, Билл Соден (Qingyang Sun, Bill Soden) академиялық жазу дағдыларын дамытудағы университеттік қолдаудың маңызын атап өтеді [9].

Келебогиле Звобго, Паула М. Пикеринг, Джейми Э. Сеттл, М.Тирни (Kelebogile Zvobgo, Paula M. Pickering, Jaime E. Settle, Michael J. Tierney) зерттеулерінде оқытушыларды ынталандыру арқылы студенттердің ғылыми белсенділігін арттыру мүмкіндігі көрсетіледі [10].

Әлемдік тәжірибеде студенттердің зерттеу жұмысы ерте кезеңнен қатысуы тиімді механизм ретінде қарастырылады. АҚШ-та «undergraduate research» бағдарламалары кең таралған болса, Еуропада менторлық пен академиялық кеңес беру жүйесі дамыған. Азия университеттерінде студенттердің ғылыми белсенділігі олардың кәсіби дамуының маңызды көрсеткіші ретінде бағаланады.

С.Е. Сакипова, Ж.Т. Камбарова, Н.К. Танашева және Ш.Е. Сакипова еңбектерінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы қарастырылған [11]. Ғалымдар ғылыми-зерттеу жұмысына жүйелі тарту студенттердің танымдық белсенділігін, ғылыми ойлау мәдениетін және кәсіби мотивациясын дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Бұл қағидалар шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын қолдайтын педагогикалық және ұйымдастырушылық механизмдердің мазмұнын айқындауға негіз болады.

К.Б. Алипина мен А.А. Китапбаева ғылыми-зерттеу қызметінің студенттердің интеллектуалдық және шығармашылық дамуына оң әсерін атап өтеді [12]. Авторлардың пікірінше, ғылыми ізденіске қатысу сыни ойлау мен талдау дағдыларын жетілдіріп, студенттің академиялық дербестігін қалыптастырады. Ал А.М. Бостанова мен А.Т. Саттарбаева зерттеу дағдыларын меңгерудің ғылыми белсенділікті арттырудағы маңызын негіздей отырып, ғылыми жетекшімен тұрақты өзара әрекеттестік пен ғылыми ортаға тартудың тиімділігін көрсетеді [13]. Ғылыми еңбектерде шетелдік студенттердің оқу және ғылыми мотивациясына әлеуметтік қолдау, академиялық бейімделу және университеттік ортаның ықпалы маңызды факторлар ретінде қарастырылады [14]. Зерттеушілердің пайымдауынша, студенттің университеттік ортаға табысты бейімделуі оның оқу үдерісіне белсенді қатысуына, ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығының артуына және ішкі мотивациясының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Әсіресе әлеуметтік-психологиялық қолдау, ғылыми жетекшілермен тиімді өзара әрекеттестік, академиялық

кеңес беру және қолайлы университеттік орта шетелдік студенттердің ғылыми белсенділігін күшейтетін негізгі тетіктердің бірі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері оқу және ғылыми мотивация деңгейінің жоғары болуы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу белсенділігіне, зерттеу дағдыларының қалыптасуына және ғылыми ортаға интеграциялануына оң ықпал ететінін дәлелдейді.


Осылайша, аталған зерттеулер шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ынталандырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындайды. Ғылыми-зерттеу қызметін мақсатты ұйымдастыру, мотивациялық қолдау көрсету және студенттерді ғылыми ортаға бейімдеу олардың академиялық интеграциясы мен ғылыми әлеуетін тиімді жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу жоғары оқу орындарындағы шетелдік білім алушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуына ықпал ететін психологиялық және педагогикалық ынталандыру тетіктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу барысында студенттердің ғылыми үдеріске тартылу деңгейін арттыруға әсер ететін мотивациялық, тұлғалық және педагогикалық факторларды кешенді талдауға мүмкіндік беретін жүйелік және интегративті әдіснамалық тәсіл қолданылды.

Эмпирикалық зерттеу Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде жүргізілді. Зерттеу алаңы ретінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы мен ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы алынды.

Зерттеу 2024-2025 оқу жылының ақпан-сәуір айлары аралығында жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысына Қытай, Моңғолия, Корея, Түркия және Өзбекстан елдерінен келген 118 шетелдік студент қатысты. Қатысушылардың жасы 18-21 жас аралығында болды. Зерттеу барысында студенттердің жеке ерекшеліктері, яғни жынысы, этникалық және мәдени сәйкестігі, тілдік дайындық деңгейі ескерілді. Шетелдік студенттердің елдер бойынша үлестік көрсеткіштері 1-суретте берілген.



Сурет 1 – Шетелдік студенттердің елдер бойынша үлесі

Зерттеуге қатысқан шетелдік студенттердің ең үлкен бөлігін Қытай елінен келген ($n=68$) студенттер құрайды. Бұл университеттің халықаралық білім беру кеңістігіндегі тартымдылығының жоғары екенін көрсетеді.

Түркиядан келген ($n=23$) студенттер саны да айтарлықтай. Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми-академиялық байланыстардың нығаюы бұл студенттердің білім алуға қызығушылығын арттырып отыр.

Моңғолиядан келген ($n=13$) студенттер саны орта деңгейде. Олар негізінен, гуманитарлық және техникалық бағыттарда білім алуға қызығушылық танытады. Туыстас мәдени орта олардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетеді.

Кореялық (n=13) студенттердің қатысу үлесі тұрақты. Олар ғылыми-зерттеу мәдениетіне жоғары мотивациясымен және білім алуға жауапкершілікпен қараумен ерекшеленеді.

Өзбекстандық (n=3) студенттердің үлесі аз болғанымен, олардың қатысуы Орталық Азия елдері арасындағы академиялық миграцияның сақталып отырғанын көрсетеді.

Зерттеу дизайны студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейін, ішкі мотивациясын, өзіндік ғылыми тиімділігін және зерттеу дағдыларының қалыптасуын динамикалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы үш негізгі кезең бойынша ұйымдастырылды: бастапқы диагностикалық кезең, қалыптастырушы кезең, қорытынды бақылау кезеңі.

Бастапқы кезеңде шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейі, мотивациялық құрылымы және кездесетін негізгі қиындықтары кешенді диагностика арқылы анықталды. Осы мақсатта Google Forms платформасында сауалнама алынды.

Сауалнама бірнеше мазмұндық блоктан тұрды:

• Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу формалары (Ғылыми жобалар, конференциялар, мақалалар)

- Кездесетін кедергілер (Тілдік, әдістемелік, уақыттық кедергілер)
- Өзіндік қатысу деңгейін бағалау (Жоғары, орта, төмен)
- Мотивация (ғылыми жұмыстың маңыздылығын түсіну)
- Ынталандыру жолдары (Ғылыми белсенділікті арттыру механизмдері)

Қалыптастырушы кезеңде студенттердің зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған кешенді психологиялық-педагогикалық ықпал ету бағдарламасы іске асырылды. Бағдарлама студенттердің ішкі ғылыми мотивациясын, өзіндік тиімділігін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оларды ғылыми-білім беру кеңістігінің белсенді субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталған тұтас мазмұндық жүйе ретінде жүзеге асырылды.

Қорытынды кезеңде бастапқы және соңғы көрсеткіштер салыстырылып, өзгерістер динамикасы бағаланды. Деректерді өңдеу барысында сипаттамалық статистика, салыстырмалы талдау және мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында этикалық қағидалар сақталып, қатысушылардың ерікті келісімі алынды және деректердің құпиялығы қамтамасыз етілді. Жиналған мәліметтер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын арттыруға бағытталған ынталандыру тетіктері жүйеленіп, олардың құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес бірнеше негізгі топқа жіктелді.

Әр тетік психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тұрғыдан негізделіп, отандық және шетелдік тәжірибелермен салыстырмалы талдау арқылы айқындалды. Нәтижесінде ынталандыру механизмдері келесі бағыттар бойынша топтастырылды.

Материалдық және академиялық ынталандыру. Шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қызығушылығын арттырудың маңызды факторларының бірі – материалдық және академиялық қолдау көрсету жүйесі болып табылады. Зерттеу нәтижелері студенттердің ғылыми белсенділігін арттыруда гранттар мен шәкірақылар тағайындау, ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ конференцияларға қатысу шығындарын өтеу сияқты қолдау түрлерінің жоғары тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар, академиялық қолдаудың мазмұнына ғылыми жетекшілік, әдістемелік кеңес беру және зерттеу семинарларын ұйымдастыру кіреді. Мұндай қолдау студенттердің өзіндік тиімділік деңгейін арттырып, ғылыми жұмысқа деген ішкі сенімін нығайтады. Бұл өз кезегінде, олардың тұрақты ішкі мотивациясын тұрақтандыруға ықпал етеді [15].

Қазақстандық тәжірибеде бұл бағыттың тиімді жүзеге асырылуын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мысалында байқауға болады. Университетте өткізілетін «International Students Research Forum» және «Farabi Alemi» сияқты ғылыми алаңдар шетелдік студенттердің ғылыми белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Мұндай іс-шаралар шетелдік студенттердің ғылыми белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді құралына айналды.

Зерттеу мәдениетін қалыптастыру. Жоғары оқу орнында зерттеу мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыру студенттердің ғылыми ортаға табысты бейімделуінің негізгі алғышарты болып табылады. Университет деңгейінде ғылыми клубтар мен үйірмелер ұйымдастыру, студенттік конференциялар мен зерттеу форумдарын тұрақты өткізу – зерттеушілік ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал ететін маңызды құралдар.

Халықаралық тәжірибе (Финляндия, Канада университеттері) көрсеткендей, зерттеу мәдениетін ерте кезеңнен қалыптастыру студенттердің академиялық әлеуетінің ұзақ мерзімді өсуіне әсер етеді [16].

Қазақстанда бұл бағытта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде енгізілген «Research Skills Development» модулі тиімді тәжірибе ретінде қарастырылады. Бұл пән студенттердің зерттеу жүргізу мәдениетін қалыптастырып, оларды ғылыми жобаларды әзірлеуге жүйелі түрде дайындайды.

Психологиялық және әлеуметтік қолдау. Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу тек академиялық дайындықпен шектелмей, психологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік бейімделуді де талап етеді. Шетелдік студенттер көбінесе тілдік кедергілер, мәдени айырмашылықтар және әлеуметтік оқшаулану сияқты қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты университеттерде – психологиялық кеңес беру орталықтары, менторлық бағдарламалар, тілдік қолдау топтары сияқты құрылымдардың қызметі ерекше маңызға ие [17]. Өзін-өзі анықтау теориясы тұрғысынан қарағанда, мұндай қолдау түрлері студенттердің дербестік, құзыреттілік және әлеуметтік байланыс қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың ішкі мотивациясын күшейтеді. Нәтижесінде ғылыми қызығушылық тұрақты сипатқа ие болады.

Қазақстандық тәжірибеде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «Tutor-Mentoring Sistem» осы бағыттағы тиімді модель ретінде көрінеді. Бұл жүйе студенттердің психологиялық және әлеуметтік бейімделу кезеңінде жеке қолдау көрсету арқылы олардың оқу және зерттеу белсенділігін арттыруға бағытталған тиімді механизм болып табылады.

Ғылыми жетекшілік және серіктестік жобалар. Зерттеу нәтижелері ғылыми жетекшімен тұрақты және жүйелі өзара байланыс орнату студенттердің ғылыми белсенділігінің артуына тікелей ықпал ететінін көрсетті. Тәжірибелі жетекшілердің қолдауы студенттердің зерттеу үдерісін терең түсінуіне және ғылыми бағыттарын нақтылауына мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, жетекшінің қолдауы мен студентке деген жеке қатынасы оның зерттеуге деген ынтасы мен мотивациясын едәуір арттырады [18]. Сонымен қатар, халықаралық серіктестік жобаларға қатысу шетелдік студенттердің кәсіби байланыстарын кеңейтіп, олардың ғылыми әлеуетін жаһандық деңгейде дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан тәжірибесінде мұндай үлгі Қ.И. Сәтбаев университетінде сәтті жүзеге асырылып келеді. Мұнда халықаралық студенттер Erasmus+ және DAAD бағдарламалар аясында зерттеу топтарына қатысып, қазақстандық және шетелдік жетекшілермен бірлескен ғылыми жобалар жүргізуде. Бұл тәжірибе шетелдік студенттердің халықаралық ғылыми ортада тәжірибе жинақтауына және зерттеу құзыреттерін дамытуына ықпал ететін тиімді тетік ретінде өз нәтижесін көрсетіп отыр.

Цифрлық және инновациялық орта. Қазіргі кезеңде ғылыми-зерттеу процесі цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Онлайн платформаларды пайдалану, виртуалды зерттеу топтарына қатысу және халықаралық ғылыми деректер базаларына қолжетімділік студенттердің зерттеу белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ынталандыру ретінде эмоциялар мен ұмтылыстарды, қызығушылықтар мен қажеттіліктерді, идеялар мен ұстанымдарды байланыстыра алады [19].

Қазақстанда бұл бағытта тиімді тәжірибе қалыптасқан. Мысалы, Қазақ-Британ техникалық университетінде Moodle және Coursera платформалары негізінде «Research and Publication Ethics» онлайн курстар өткізіледі. Бұл курстар студенттердің цифрлық ортада жұмыс істеу қабілеттерін дамытып, зерттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Мақсат қою және нәтижені бағалау. Зерттеу процесінде нақты мақсаттар қою және нәтижелерді бағалау критерийлерін анықтау студенттердің ғылыми жұмысын жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл студентке өз ғылыми бағытын дұрыс жоспарлауға, зерттеу кезеңдерін тиімді басқаруға және қол жеткізген нәтижелерін бағалауға көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің оқу-кәсіби қызметіне тән ынталандыру мен уәж мәселесі ерекше мәнге ие. Осылайша, уәжділіктің қалыптасуы мен мақсат қою дағдылары өзара үйлесіп, студенттің зерттеу қызметіндегі белсенділігі мен нәтижелілігін арттырады [20].

Осындай ынталандыру тетіктері шетелдік студенттердің ішкі мотивациясын арттыруға, олардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға және ғылыми ортаға белсенді түрде кірігуіне ықпал етеді. Жалпы студенттердің, соның ішінде шетелдік студенттердің, оқудан тыс уақытта атқаратын ғылыми-зерттеу қызметі әртүрлі ұйымдастырушылық формалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл қызметтің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- халықаралық студенттік конференциялар мен ғылыми семинарларға қатысу;
- ғылыми жобалар мен байқауларға тартылу;
- курстық және дипломдық жұмыстарды әзірлеуге бағытталған шығармашылық-ізденіс топтарының қызметі;
- кафедрааралық және факультеттік ғылыми үйірмелер жұмысы.

Қазіргі таңда әлемдік жоғары білім кеңістігінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі 70-80% шамасында екені анықталды. Студенттік ғылыми үйірмелер университеттердің профильдік кафедралары мен ғылыми құрылымдары базасында ұйымдастырылып, студенттердің ғылыми әдебиеттермен жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл үдеріс аясында студенттер аннотациялар, баяндамалар дайындауды, зертханалық тәжірибелер жүргізуді және алынған нәтижелерді талдап, өңдеуді меңгереді.

Сонымен қатар, олар ғылыми семинарларда қолданылатын көрнекі материалдарды әзірлеуге, зертханалық жабдықтарды тиімді пайдалануға және оқытудың техникалық құралдарын жобалау үдерісіне белсенді түрде тартылады.

Белсенді түрде ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын студенттер, әдетте, ғылыми қауымдастықтарға бірігеді. Әсіресе шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын арттыруда мақсатты түрде ұйымдастырылатын шаралардың маңызы ерекше. Мұндай іс-шаралар олардың ғылыми белсенділігін күшейтіп, зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Аталған шаралар қатарына мыналар жатады:

- университеттерде жыл сайын өткізілетін халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциялар;
- жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен симпозиумдар;
- студент-жастар шығармашылығына арналған ғылыми көрме-байқаулар;
- жоғары оқу орындары жыл сайын ұйымдастырылатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (СҒЗЖ) байқаулары;
- үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын арнайы сыйлықтар мен марапаттарға ұсыну.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері университетішілік ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалады. Баяндамалар ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделіп, сарапшылар тарапынан кешенді түрде бағаланады. Конференциялар мен семинарлардың қорытынды кезеңінде студенттік жастарды іріктеу және бағалау мақсатында арнайы байқаулар ұйымдастырылып, ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықты арттыруға бағытталған ынталандыру тетіктері іске асырылады. Бұл тәжірибе студенттердің ғылыми қызығушылығын күшейтіп, олардың зерттеушілік белсенділігін арттыруға оң әсер етеді. Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырудың негізгі тетіктері мыналар болып табылады:

- ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша есеп беру және қорытындылау жүйесін енгізу;

- дарынды және талантты студенттерді арнайы шәкірақылар мен гранттарға ұсыну;
- үздік ғылыми жұмыстарды насихаттауға бағытталған көрмелер ұйымдастыру;
- студенттердің халықаралық ғылыми форумдарға қатысуын қамтамасыз ету.

Ғылыми-зерттеу қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген студенттер университет тарапынан дипломдармен, сертификаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Бұл академиялық ортада ғылымға бағдарланған білім алушыларды қолдау жүйесінің тиімділігін арттырады. Әсіресе шетелдік студенттер үшін мұндай тәжірибе тек бейімделу үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, олардың ғылыми ортаға табысты интеграциялануына да ықпал етеді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарында көпдеңгейлі ғылыми-білім беру жүйесін қалыптастыру арқылы заманауи еңбек нарығы талаптарына жауап беретін, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алатын, күрделі кәсіби жағдаяттарда ғылыми негізделген шешім қабылдайтын бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес студенттер ғылыми зерттеудің теориялық негіздерімен, әдіснамалық тәсілдерімен, эксперименттік жоспарлау қағидаттарымен және ғылыми мақалалар жазу талаптарымен танысып, зерттеу мәдениетін меңгереді. Сонымен қатар, ғылыми жетекшілермен шығармашылық байланыс орнату, библиографиялық ізденіс жүргізу, электрондық деректер базаларымен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Студенттерді ғылыми зерттеу принциптері мен әдістеріне, зерттеу жүргізу, ғылыми жұмысты дайындау, жазу және жариялау үдерістеріне үйрету – жоғары оқу орындарындағы ғылыми-білім беру қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы тұрғыда кафедраның ғылыми-білім беру бағыты мен студенттің зерттеуге деген қызығушылығы арасындағы өзара байланысты нығайту, сондай-ақ оқытушы мен студент арасындағы шығармашылық серіктестікті дамыту ерекше мәнге ие.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, әдетте, факультет пен кафедра жанындағы ғылыми үйірмелер аясында ұйымдастырылады. Мұндай үйірмелер студенттерге ғылыми бағытты дұрыс таңдауға, тиісті ғылыми жетекшіні айқындауға және өзіне сәйкес зерттеу тақырыбын белгілеуге мүмкіндік береді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, негізінен, факультет пен кафедра деңгейінде ұйымдастырылатын ғылыми үйірмелер аясында жүзеге асырылады. Бұл ұйымдық құрылымдар студенттердің ғылыми ізденісін жүйелі бағытта дамытып, олардың ғылыми қызметтің нақты бейінін айқындауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми үйірмелер студенттерге өз зерттеу бағытына сәйкес ғылыми жетекшіні таңдауға, өзекті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеу тақырыбын анықтауға қолайлы жағдай жасайды.

Жалпы, жоғары оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігін арттыру мақсатында жыл сайын «Ғылым күні» аясында түрлі ғылыми жобалар байқаулары ұйымдастырылады. Мұндай іс-шаралар студенттердің ғылыми қызығушылығын ынталандырып қана қоймай, олардың интеллектуалдық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған кешенді қолдау тетігі ретінде қызмет етеді. Байқаулар ғылыми идеяларды ұсынуға, зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында қорғауға және жас зерттеушілердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды академиялық алаң болып табылады.

Зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне қатысу деңгейін, ішкі мотивациясын және ғылыми ортадағы өзіндік сенімділігін анықтау мақсатында бақылау жүргізіліп, диагностикалық сауалнама әзірленді. Сауалнама университеттегі ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуды қиындататын немесе қолдайтын психологиялық-педагогикалық факторларды айқындауға бағытталды. Зерттеу анонимді форматта ұйымдастырылып, бұл респонденттердің өз пікірлерін шынайы әрі еркін білдіруіне мүмкіндік берді.

Шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу деңгейін анықтауға арналған сауалнама мазмұны келесі сұрақтарды қамтыды:

1. Ғылыми-зерттеуге қызығушылық (Сіз университеттегі ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуға қанишалықты қызығушылық танытасыз? Ғылыми жобаларға, конференцияларға, зерттеу топтарына қатысу сіз үшін қанишалықты маңызды?);

2. Ақпараттық қолжетімділік (Университет ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу мүмкіндіктері туралы ақпарат береді деп ойлайсыз ба?);

3. Кедергілер (Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуыңызға қандай қиындықтар кедергі келтіреді? Мысалы: уақыт тапшылығы, тілдік кедергілер, ғылыми терминологияны түсінбеу және т.б.);

4. Психологиялық қолдау (Ғылыми жұмысқа сенімді түрде кірісу үшін университет тарапынан психологиялық немесе мотивациялық қолдау қажет пе?);

5. Ғылыми жетекшімен қарым-қатынас (Ғылыми жетекшіңізбен пікір алмасу, кеңес алу және кері байланыс алу қанишалықты тиімді?);

6. Өз зерттеуін жүргізудегі сенім (Сіз өз бетіңізше ғылыми тақырыпты жоспарлап, зерттеу жүргізуге қанишалықты сенімдісіз?);

7. Ғылыми ортаға интеграциялану (Сіз университеттің ғылыми ортасына қанишалықты кіріге алдыңыз?);

8. Ішкі мотивация (Сізді ғылыми-зерттеуге қатысуға қандай факторлар көбірек ынталандырады: жеке қызығушылық, ғылыми жетекшінің қолдауы, шакіртақы/грант, жетістікке жету, болашақ мансап және т.б.);


9. Тренингтер қажеттілігі (Зерттеу әдіснамасы, академиялық жазу, деректерді талдау сияқты дағдылар бойынша тренингтер немесе семинарлар қажет деп ойлайсыз ба?);

10. Ғылыми жұмыстың жеке және кәсіби дамуға әсері (Ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу сіздің кәсіби және тұлғалық дамуыңызға қанишалықты әсер етеді?);

Зерттеуге жалпы саны 118 респондент қатысты, оның ішінде бақылау тобы – 59 студент, эксперименттік топ – 59 студент.

Сауалнама нәтижелері бақылау және эксперименттік топтардың бастапқы жағдайын салыстыруға мүмкіндік беріп, интервенциялық бағдарламаның тиімділігін бағалауда базалық көрсеткіш ретінде пайдаланылды. Төменде ұсынылған диаграммада екі топтың салыстырмалы көрсеткіштері айқын көрініс тапқан.

Алынған деректер сандық және сапалық тұрғыдан кешенді талданып, жүргізілген интервенциялық жұмыстың тиімділігін негіздеуге мүмкіндік берді. Диаграммада бақылау және эксперимент топтардың бастапқы көрсеткіштері салыстырмалы түрде берілген (Сурет 2).



Сурет 2 – Бақылау және эксперимент топтарының салыстырмалы диаграммасы

Диаграмма нәтижелеріне сәйкес, барлық зерттелген бағыттар бойынша эксперименттік топтың көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары екені анықталды. Атап айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмысына деген қызығушылық деңгейі эксперимент топта 35%-ды құраса, ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 23% деңгейінде қалды. Бақылау тобында төмен немесе бейтарап жауаптардың басым болуы студенттердің зерттеу іс-әрекетіне белсенді қатысуға жеткілікті деңгейде дайын еместігін көрсетеді.

Ақпараттық қолжетімділік көрсеткіші бойынша да айқын айырмашылық байқалды: эксперимент топтың 30%-ы ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты ақпаратты жеткілікті деп бағаласа, бақылау тобында бұл көрсеткіш 20%-ды ғана құрады. Бұл интервенциялық кезеңде жүргізілген түсіндіру жұмыстарының, семинарлар мен әдістемелік қолдаудың нәтижелілігін көрсетеді.

Кедергілер деңгейі эксперименттік топта 25%, ал бақылау тобында 35% болды. Бұл эксперименттік топ студенттерінің зерттеу үдерісіне өзін анағұрлым сенімді әрі еркін сезінгенін аңғартады. Аталған нәтиже психологиялық қолдау мен ұйымдастырушылық көмектің студенттердің өзін-өзі бағалауына және ішкі сенімділігіне оң әсер ететінін дәлелдейді.

Психологиялық қолдау деңгейі мен ғылыми жетекшімен өзара әрекеттесу сапасын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта анағұрлым жоғары нәтижелер тіркелді (23%), ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 15%-ды құрады. Дегенмен, зерттеу барысында жекелеген студенттерде психологиялық тұрақсыздық белгілерінің сақталатыны және ғылыми жетекшілер тарапынан қолдаудың жеткіліксіздігі байқалғаны анықталды. Бұл жағдайлар аталған бағыттағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Өз зерттеуін жүргізудегі сенімділік деңгейі де эксперименттік топта жоғары болды (27%), ал бақылау тобында бұл көрсеткіш 17%-ды құрады. Бұл студенттердің өзіндік әлеуетін тану деңгейінің артқанын және кәсіби дамуға бағытталған ішкі мотивациясының артқанын білдіреді. Ғылыми ортаға интеграция және ішкі мотивация көрсеткіштері бойынша эксперименттік топта тиісінші 28% және 26% деңгейінде нәтижелер тіркелді. Бұл деректер студенттердің ғылыми қауымдастыққа белсенді түрде кірігіп, өздерін осы ортаның толыққанды субъектісі ретінде қабылдай бастағанын көрсетеді.

Ал бақылау тобында аталған көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен деңгейде сақталуы (21% және 15%) олардың ғылыми ортаға бейімделу қарқынының баяу екенін айғақтайды.

Сонымен қатар, тренингтердің тиімділігі мен ғылыми-зерттеу жұмысының ықпалына қатысты көрсеткіштер бойынша эксперименттік топта жоғары нәтижелер тіркелді (22% және 24%), ал бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 12% және 24% деңгейінде қалды.

Аталған нәтижелер ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық ықпалдың студенттердің ғылыми белсенділігін арттыруда және ішкі мотивациясын қалыптастыруда маңызды әрі тиімді құрал болып табылатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер интервенциялық бағдарламаның ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылықты, ақпараттық дайындығын, ішкі мотивацияны, өзін-өзі тиімді сезінуін және сенімділікті арттыруға елеулі ықпал еткенін дәлелдейді. Бұл шетелдік студенттердің зерттеушілік әлеуетін өзектендіру үдерісінің тиімді жүзеге асқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ынталандыруға бағытталған материалдық, академиялық, психологиялық, әлеуметтік, цифрлық және менторлық қолдау тетіктерінің тиімділігі кешенді түрде талданды. Әрбір тетіктің студенттердің зерттеуге деген мотивациясына, өзін-өзі тиімді сезінуіне және ғылыми ортаға бейімделуіне ықпалы теориялық негіздер мен эмпирикалық деректер арқылы дәлелденді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу белсенділігін арттыруда жүйелі әрі кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаудың шешуші маңызға ие екенін көрсетті. Эксперименттік және бақылау топтарының

салыстырмалы талдауы енгізілген интервенциялық бағдарламаның тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеді.

Эксперименттік топ студенттері ғылыми-зерттеу жұмысына жоғары деңгейде қызығушылық танытты (35%), қажетті ақпаратпен жеткілікті қамтамасыз етілді (30%) және өз бетінше зерттеу жүргізуге қатысты сенімділік деңгейін көрсетті (27%). Сонымен қатар, ғылыми ортаға интеграция, ішкі мотивация және нәтижеге деген сенім көрсеткіштері де айтарлықтай жоғары деңгейде қалыптасты.

Алынған нәтижелер шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы тек академиялық дайындықпен шектелмей, олардың психологиялық қолдау деңгейіне, әлеуметтік-мәдени бейімделуіне және жоғары оқу орнының ұйымдастырушылық-педагогикалық мүмкіндіктеріне тікелей тәуелді екенін айғақтайды.

Зерттеу барысында академиялық және материалдық ынталандырудың, менторлық қолдаудың, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдаланудың, сондай-ақ ғылыми жетекшімен нәтижелі өзара әрекеттестіктің студенттердің ғылыми қызығушылығын арттыруға, өзіндік тиімділігін қалыптастыруға және зерттеу жұмысына деген сенімділігін күшейтуге оң ықпал ететіні анықталды.

Халықаралық тәжірибе (Финляндия, Канада, Германия) ғылыми мәдениетті ерте кезеңнен қалыптастырудың тиімділігін көрсетеді. Осыған байланысты шетелдік студенттер үшін оқу үдерісінің бастапқы кезеңінен бастап ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы пәндерді (мысалы, «Research Skills Development») енгізу маңызды. Сонымен қатар, академиялық, психологиялық және тілдік қолдауды біріктіретін интеграциялық орталықтарды құру студенттердің бейімделуін жеңілдетіп, ғылыми ортаға тиімді кірігуіне мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, ақпараттық-цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру (онлайн зерттеу платформалары, ашық деректер базалары, виртуалды ғылыми қауымдастықтар) студенттердің зерттеушілік дербестігін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық сауаттылықты дамытуға бағытталған курстар ғылыми зерттеуде заманауи құралдарды тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу әлеуетін өзектендіру жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану стратегиясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл үдеріс материалдық және академиялық қолдаумен ғана шектелмей, психологиялық мотивацияны, әлеуметтік бейімдеуді, менторлық қолдауды және цифрлық ресурстарды кешенді түрде қамтуы тиіс.

Қорытындылай келе, шетелдік студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуын ынталандыру жүйесін қалыптастыру білім сапасын арттырумен қатар, болашақ ғылыми кадрларды даярлау тиімділігін күшейтіп, Қазақстанның халықаралық ғылыми кеңістіктегі беделін нығайтуға бағытталған стратегиялық маңызды міндет болып табылады.

Авторлардың үлесі:

Амирканов М.Б. – мақаланың бастапқы нұсқасын дайындап, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыруға және деректерді жинауға жауапты болды.

Кудайбергенова А.М. – зерттеудің әдіснамалық негіздерін әзірлеуге, ғылыми мазмұнын жетілдіруге және алынған нәтижелерді талдауға қатысты.

Хайрулдаева А.М. – мақаланың құрылымы мен мазмұнын нақтылауға, қорытындыларды жүйелеуге және соңғы нұсқасын бекітуге үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Выготский Л.С. Мышление и речь: психологические исследования. Под редакцией и со вступительной статей В. Колбановского М.; Л.: Соцэкгиз, 1934. – С. 4–15.
- 2 Dewey J. How We Think. Boston; New York; Chicago: D.C. Heath & Co., 1910. – P. 68–78.
- 3 Bruner J. The Process of Education. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1960. – P. 128.
- 4 Ryan R., Deci E. Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being // American Psychologist. – 2000. – Vol. 55. – P. 68–78.
- 5 Maslow A. Motivation and Personality. New York: Harper & Row, 1954. – P. 295–300.

6 Inouye K., Lee S., Oldac Y.I. A systematic review of student agency in international higher education // *High Educ.* – 2023. – Vol. 86. – P. 891–911. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10734-022-00952-3> (қаралған күні: 13.01.2025).

7 Xu X., Oancea A., Rose H. The Impacts of Incentives for International Publications on Research Cultures in Chinese Humanities and Social Sciences // *Minerva.* – 2021. – Vol. 59. – P. 469–492. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11024-021-09441-w> (қаралған күні: 28.02.2025).

8 Yan L., Firetto C.M., Starrett E., Kingsbury J.S., Penkrot T.A., Hyatt J.-P. Exploring supports or incentives to promote undergraduate students' use of cooperative study groups // *International Journal of Educational Research Open.* – 2023. – Vol. 4. – Article 100252. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijedro.2023.100252> (қаралған күні: 05.03.2025).

9 Sun Q., Soden B. International students' engagement with support in developing source use abilities: A longitudinal case study // *Journal of English for Academic Purposes.* – 2021. – Vol. 51. – Article 100981. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jeap.2021.100981> (қаралған күні: 18.05.2025).

10 Zvobgo K., Pickering P.M., Settle J.E., Tierney M.J. Creating New Knowledge with Undergraduate Students: Institutional Incentives and Faculty Agency. Cambridge University Press, 2023. DOI: <https://doi.org/10.1017/S104909652300001X> (қаралған күні: 27.06.2025).

11 Алипина К.Б., Кітапбаева А.А. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №4 (130). – Б. 344–360. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28> (қаралған күні: 11.03.2026).

12 Бостанова А.М., Саттарбаева А.Т. Студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемесін үйретудің педагогикалық негіздері (зоология пәні мысалында) // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2022. – №3 (125). – Б. 188–199. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.16> (қаралған күні: 13.03.2026).

13 С.Е. Сакипова, Ж.Т. Камбарова, Н.К. Танашева, Ш.Е. Сакипова – «Жоғары оқу орындарының жаратылыстану-ғылыми және техникалық мамандықтары бойынша оқитын студенттерінің зерттеушілік қабілеттіліктерін дамыту» // *Қарағанды университеті. «Физика» сериясы.* – 2020. – №4 (100). – 105–112 бб. DOI: <https://doi.org/10.31489/2020ph4/105-112> (қаралған күні: 17.01.2025).

14 Tsai-Fu Chuang, Mei-Hui Lin, Tsaur-Chin Wu, Ming-Da Chuang. Learning motivation among international students: the role of demographic factors. [Электронды ресурсы] // *BMC Psychology.* – 2025. – Vol. 13. – P. 2–12. DOI: <https://doi.org/10.1186/s40359-025-03244-4> (қаралған күні: 18.05.2026).

15 Eccles J.S., Wigfield A. Motivation Beliefs, Values, and Goals // *Annual Review of Psychology.* – 2002. – Vol. 53. – P. 109–132.

16 Kember D., Leung D. Developing a research culture in higher education institutions: The role of academic staff // *Higher Education.* – 2019. – Vol. 77(1). – P. 33–49.

17 Zhao C., Kuh M.K., Carini R.M. Comparison of International Student and American Student Engagement in Effective Educational Practices // *The Journal of Higher Education.* – 2005. – Vol. 76(2). – P. 209–231.

18 Le T.T. et al. Supervisory practices and research motivation among international postgraduate students // *Studies in Higher Education.* – 2021. – Vol. 46(10). – P. 2067–2084.

19 Джугал П., Оспанова М.Б. Изучение уровня мотивации иностранных студентов при обучении в Казахстане // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогика и психология».* – 2020. – №4. – С. 38–43.

20 Бугрименко А.Г. Внутренняя и внешняя учебная мотивация у студентов вуза // *Психология в ВУЗе: ежеквартальный научно-методический журнал / ред. А.Г. Лидерс, В.Г. Колесников.* – 2006. – С. 60.

REFERENCES:

1 Vygotskii L.S. (1934). *Мышление и речь: психологические исследования* [Thinking and Speech: Psychological Studies]. Pod red. V. Kolbanovskogo. Moscow; Leningrad: Sotsekgiz, pp. 4–15. (in Russian)

2 Dewey J. (1910). *How We Think*. Boston; New York; Chicago: D.C. Heath & Co., pp. 68–78.

3 Bruner J. (1960). *The Process of Education*. Cambridge, MA: Harvard University Press, p. 128.

4 Ryan R., Deci E. (2000). Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being // *American Psychologist*, vol. 55, pp. 68–78.

5 Maslow A. (1954). *Motivation and Personality*. New York: Harper & Row, pp. 295–300.

6 Inouye K., Lee S., Oldac Y.I. (2023). A systematic review of student agency in international higher education // *Higher Education*, vol. 86, pp. 891–911. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10734-022-00952-3>

7 Xu X., Oancea A., Rose H. (2021). The impacts of incentives for international publications on research cultures in Chinese humanities and social sciences // *Minerva*, vol. 59, pp. 469–492. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11024-021-09441-w>

8 Yan L. et al. (2023). Exploring supports or incentives to promote undergraduate students' use of cooperative study groups // *International Journal of Educational Research Open*, vol. 4, article 100252. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijedro.2023.100252>

9 Sun Q., Soden B. (2021). International students' engagement with support in developing source use abilities: A longitudinal case study // *Journal of English for Academic Purposes*, vol. 51, article 100981. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jeap.2021.100981>

- 10 Zvobgo K. et al. (2023). Creating New Knowledge with Undergraduate Students: Institutional Incentives and Faculty Agency. Cambridge: Cambridge University Press. DOI: <https://doi.org/10.1017/S104909652300001X>
- 11 Alipina K.B., Kitapbaeva A.A. (2023). Bılıм алуşıylardıñ ğylymi-zertteu qızıyretılıgın qalyptastyru // Ыsaui universitetınıñ habarşıysy [Formation of students' research competence] // Yasauı universitetınıñ habarshıysy, no. 4(130), pp. 344–360. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.28> (in Kazakh)
- 12 Bostanova A.M., Sattarbaeva A.T. (2022). Studentterge ğylymi-zertteu jümystaryn jürgızu ädistemesın üıretudıñ pedagogıkalyq negızderı (zoologia pämi mysalynda) [Teaching students the methodology of research work pedagogical foundations (on the example of the discipline Zoology)]// Yasauı universitetınıñ habarshıysy, no. 3(125), pp. 188–199. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.16> (in Kazakh)
- 13 Sakipova S.E. et al. (2020). «Joğary oqu oryndarynyñ jaratylystanu-ğylymi jäne tehnikalyq mamandyqtary boıynsa oqıtyn studentterınıñ zertteusılık qabilettılıkterın damytu» [“Natural Science of higher educational institutions research and development of students studying in technical specialties development of skills”] // Karagandy universiteti, “Fızika” serıyasy, no. 4(100), pp. 105–112. DOI: <https://doi.org/10.31489/2020ph4/105-112> (in Kazakh)
- 14 Chuang T.-F. et al. (2025). Learning motivation among international students: the role of demographic factors // BMC Psychology, vol. 13, pp. 2–12. DOI: <https://doi.org/10.1186/s40359-025-03244-4>
- 15 Eccles J.S., Wigfield A. (2002). Motivation beliefs, values, and goals // Annual Review of Psychology, vol. 53, pp. 109–132.
- 16 Kember D., Leung D. (2019). Developing a research culture in higher education institutions: The role of academic staff // Higher Education, vol. 77(1), pp. 33–49.
- 17 Zhao C. et al. (2005). Comparison of International Student and American Student Engagement in Effective Educational Practices // The Journal of Higher Education, vol. 76(2), pp. 209–231.
- 18 Le T.T. et al. (2021). Supervisory practices and research motivation among international postgraduate students // Studies in Higher Education, vol. 46(10), pp. 2067–2084.
- 19 Dzhugal P., Ospanova M.B. (2020). İzuchenie urovnä motivasii inostrannyh studentov pri obuchenii v Kazahstane// Vestnik KazNPU im. Abaia, no. 4, pp. 38–43. (in Russian)
- 20 Bugrımenko A.G. (2006). Vnutrennäia i vnešnäia uchebnaia motivasia u studentov vuza [Internal and external educational motivation of university students] // Psikhologiya v VUZe, p. 60. (in Russian)

МЕХАНИЗМЫ СТИМУЛИРОВАНИЯ УЧАСТИЯ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ В НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ В ВУЗЕ

Амирканов М.Б.^{1,*}, Кудайбергенова А.М.¹, Хайрулдаева А.М.²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы

*e-mail: make_210774@mail.ru, aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz,
aisulu01.01.81@gmail.com

Аннотация. В данной статье комплексно рассматриваются психологические, педагогические и социальные механизмы, стимулирующие участие иностранных студентов в высших учебных заведениях в научно-исследовательской работе.

Цель исследования заключается в выявлении мотивационных факторов, механизмов педагогической поддержки и организационных возможностей университетской среды, способствующих повышению интереса иностранных студентов к научно-исследовательской деятельности, а также в теоретическом и эмпирическом обосновании их взаимосвязи.

Результаты исследования показали, что участие в научно-исследовательской работе способствует развитию профессиональных компетенций студентов, совершенствованию их критического и творческого мышления, раскрытию личностного потенциала и самореализации. Кроме того, установлено, что исследовательская активность оказывает положительное влияние на межкультурную адаптацию иностранных студентов и их успешную социально-интеллектуальную интеграцию в университетскую среду.

Методика исследования основывалась на комплексном дизайне, сочетающем качественные и количественные методы. Для сбора данных были использованы структурированная анкета, разработанная на платформе «Google Forms», полуструктурированное интервью и метод систематического наблюдения. Результаты анкетирования были обработаны в программе «Microsoft Excel» посредством расчёта

процентных показателей, определения сравнительных данных и визуализации результатов с помощью диаграмм. Качественные данные были проанализированы методом контент-анализа. Для сравнения результатов контрольной и экспериментальной групп применялись сравнительно-аналитические методы.

В эмпирическом исследовании приняли участие 118 иностранных студентов: 59 студентов вошли в контрольную группу и 59 студентов – в экспериментальную группу. Результаты исследования доказали, что уровень участия студентов в научно-исследовательской работе напрямую зависит от качества педагогической поддержки, эффективности организации мотивационной среды и результативности взаимодействия с научным руководителем. В экспериментальной группе, где была внедрена интервенционная программа, наблюдалось значительное повышение исследовательской мотивации, академической уверенности и научно-исследовательской активности.

Проведённое исследование показало, что актуализация исследовательского потенциала иностранных студентов является важным фактором повышения качества образования в системе высшего образования. Практическая значимость исследования заключается в предложении модели эффективного привлечения иностранных студентов к научно-исследовательской работе в условиях университета.

Ключевые слова: иностранный студент, научно-исследовательская работа, механизмы стимулирования, мотивация, высшая школа, адаптация, исследовательский потенциал.

MECHANISMS FOR PROMOTING INTERNATIONAL STUDENTS ENGAGEMENT IN RESEARCH AT HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

M. Amirkanov^{1,*}, A. Kudaibergenova¹, A. Khairuldayeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: make_210774@mail.ru, aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz,
aisulu01.01.81@gmail.com

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the psychological, pedagogical, and social mechanisms that encourage the participation of international students in research activities at higher education institutions. The purpose of the study is to identify motivational factors, pedagogical support mechanisms, and the organizational opportunities of the university environment that contribute to increasing international students' interest in research activities, as well as to theoretically and empirically substantiate their interrelation.

The findings of the study show that participation in research activities contributes to the development of students' professional competencies, enhances their critical and creative thinking, and supports the realization of their personal potential and self-fulfillment. In addition, research engagement was found to have a positive impact on the intercultural adaptation of international students and their successful socio-intellectual integration into the university environment.

The research methodology was based on a comprehensive design combining qualitative and quantitative methods. Data were collected using a structured questionnaire developed on the Google Forms platform, semi-structured interviews, and systematic observation. The survey results were processed in Microsoft Excel by calculating percentages, identifying comparative indicators, and visualizing the data through charts. Qualitative data were analyzed using the content analysis method. Comparative analytical methods were applied to compare the results of the control and experimental groups.

A total of 118 international students participated in the empirical study: 59 students were assigned to the control group and 59 students to the experimental group. The research findings demonstrated that the level of students' participation in research activities is directly related to the quality of pedagogical support, the effective organization of the motivational environment, and the productivity of interaction with the research supervisor. In the experimental group, where the intervention program was implemented, a significant increase in research motivation, academic confidence, and research activity was observed.

The study established that the actualization of international students' research potential is an important factor in improving the quality of education within the higher education system. The practical significance of the study lies in proposing a model for effectively involving international students in research activities in the university context.

Keywords: international student, research activity, stimulation mechanisms, motivation, higher education, adaptation, research potential.

Авторлар туралы мәліметтер:

Амирканов Марат Болысбекович* – докторант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: make_210774@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5449-9658>).

Кудайбергенова Алия Маликовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9551-3073>).

Хайрулдаева Айсулу Маткасымовна – магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>).

Сведения об авторах:

Амирканов Марат Болысбекович* – докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: make_210774@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5449-9658>).

Кудайбергенова Алия Маликовна – кандидат педагогических наук, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9551-3073>).

Хайрулдаева Айсулу Маткасымовна – магистр, Казахский национальный университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>).

Information about authors:

Amirkanov Marat* – Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: make_210774@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5449-9658>).

Kudaybergenova Aliya – Candidate of Pedagogical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliya.kudaybergenova@kaznu.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9551-3073>).

Khairuldayeva Aisulu – Master, Abai Kazakh national pedagogical university (Kazakhstan, Almaty, e-mail: a.khairuldayeva@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3303-7569>).